

Панфилов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 сәуірдегі N 5-15-116 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 23 сәуірде N 2344 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2014 жылғы 02 сәуірдегі N 5-28-195 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 02.04.2014 N 5-28-195 шешімімен. Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 8-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" N 183 Қаулысына сәйкес Панфилов аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына қажеттілікті ескере отырып, бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Әлеуметтік қолдау шараларының мөлшері:
1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;
2) тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып белгіленсін.

3. Панфилов аудандық мәслихатының 2012 жылдың 12 сәуірде қабылданған "Панфилов ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе

салу үшін әлеуметтік қолдау көрсету туралы" N 5-4-26 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылы 7 мамырда 2-16-155 нөмірімен тіркелген, 2012 жылғы 26 мамырдағы аудандық "Жаркент өңірі" газетінің 27 нөмірінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың білім, денсаулық сақтау, мәдениет, әлеуметтік саясат, спорт және жастар ісі жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессиясының төрағасы

Ж. Толыбаева

Мәслихат хатшысы

Т. Оспанов

КЕЛІСІЛДІ

"Панфилов ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"

мекеме бастығы

Ақан Ақатұлы Оспанов

12 сәуір 2013 жыл